

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 1-беті
---	---	---


ЕРЕЖЕ

ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

ЕР V-09-2022

Әзірлеген:

МӨО басшысы

Алина Г.Ж. 

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 2-беті
---	---	---

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	3
5	Жалпы ережелер	4
6	Жұмысқа орналастыру тәртібі	4
7	Жас мамандар мен философия докторларын (PhD) жұмысқа жіберу тәртібі	6
8	Өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру	10
9	Оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтемей, Заңда көзделген еңбекпен өтеу жөніндегі міндеттерді тоқтату	11
10	Келісу және қолданысқа енгізу	11
11	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	11
12	Сақтау	12
13	Талдау және өзектендіру	12
14	Құжатқа өзгерістер енгізу	12
	А Қосымшасы жұмысқа жіберу нысаны	13
	Б Қосымша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған түлектерді/жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының нысаны	14
	В Қосымшасы дербес бөлу тізімдемесінің нысаны	18
	Г Қосымшасы Келісу парағы	19
	Д Қосымшасы Танысу парағы	20
	Библиография	21
		22

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 3-беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы Ереже университетте оқуын аяқтаған түлектерді жұмысқа орналастыру тәртібін және «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу шараларының кешенін белгілейді.

Осы Ережені «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ барлық бөлімшелері (бұдан әрі - ҚарТУ) қолданады және сапа менеджменті жүйесі құжаттарының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережені қолдану үшін мынадай анықтамалық нормативтік құжаттар қажет:

СТ РК ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар».

СТ РК ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік».

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде тиісті анықтамалары мен қысқартулары бар мынадай терминдер қолданылады:

ЕР – ереже;

СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

АМД- академиялық мәселелер жөніндегі департамент

СМЖАО – сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы.

ХЖҚО- Халықты жұмыспен қамту орталығы

ЕХӘҚМ- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

4 Жауапкершілік және құзыреттіліктер

4.1 Рәсімді енгізуге сапа жөніндегі басшылықтың (СБӨ) өкілі жауапты болады.

4.2 Осы Ережелер (ЕР) қағидаларының ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) стандартының талаптарына сәйкестігі үшін МӨО жауапты болады.

4.3 Осы ЕР талаптарын әзірлеуге, олардың ҚП X-01-2022 талаптарына сәйкестігіне әзірлеуші жауапты болады.

4.4 Түлектерді бөлу қағидаларының нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру және түпкілікті нәтижелердің сапасы

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 4-беті
---	---	---

үшін нақты кезенді орындауға қатысушылар болып табылатын бөлімшелердің басшылары жауапты болады.

4.5 СМЖАО-дағы сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) құжаттарының сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жойылып кетуіне бөлімше басшылары жауапты болады.

5 Жалпы ережелер

Түлектерді жұмысқа орналастырудың осы Ережелері (ЕР) «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленді. Маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтардың жұмыс өтілі бойынша міндетінен босату немесе міндетін тоқтату қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 Қаулысы.

6 Жұмысқа орналастыру тәртібі

6.1 «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ түлектері кәсіптік даярлығына, бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес сабақ түрін және жұмыс орнын еркін таңдауға құқылы.

6.2 Кәсіпорындардың тапсырысы бойынша дайындалған түлектер шарттарға сәйкес осы кәсіпорындарға жұмысқа жіберіледі.

6.3 Мансаптық өсу орталығы (бұдан әрі – МӨО) бітіруші кафедралардың, жергілікті өкілді органдар басшыларының белсенді қатысуымен түлектерге жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді (1-сурет).

6.4 Сайтта алдағы жылдың түлектері туралы ақпаратты орналастыру.

6.5 «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ сайтында Қарағанды өңірі мен Қазақстан Республикасы бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардағы бос лауазымдар туралы ақпаратты тоқсан сайын жаңарту.

6.6 Атқарушы билік органдары өкілдерінің, дәстүрлі және әлеуетті жұмыс берушілердің қатысуымен «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ түлектерінің» жыл сайынғы жәрмеңкесін өткізу.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 5-беті
---	---	---



1-сурет – ҚарТУ түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу тетігі

6.7 Жұмыс берушілер санын көбейту бойынша жұмыс жүргізу, онда өндірістік практикадан өту кейіннен жұмысқа орналасумен қатар жүреді.

6.8 Мамандарды даярлау сапасына қатысты стратегияларды қалыптастыру.

Түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің ұсынылған тетігі мынадай субъектілердің ынтымақтастығы мен өзара іс қимылын ұсынады:

- ҒЖБМ, ЕХӘҚМ, жоғары оқу орындарының қауымдастығы;
- Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
- ҚарТУ түлектері;
- МӨО;
- бітіруші кафедралар;
- «Қарағанды облысы бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ;
- жұмыс берушілер.

6.9 ҚарТУ түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу тетігі мыналардан тұрады:

- МӨО әлеуетті жұмыс берушілерді іздеу бойынша «Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы» КММ-мен өзара іс-қимыл жасайды;

- МӨО «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ сайтында Қазақстан Республикасының облыстары бөлінісінде тиісті мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары туралы мәліметтер базасын құру үшін

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 6-беті
---	---	---

ҒЖБМ, ЕХӘҚМ -мен өзара іс-қимыл жасайды

- түлек МӨО немесе «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ сайтына жүгінеді немесе өз бетінше жұмыс іздейді;

- жұмыс берушінің кәсіпорынның тапсырысы бойынша мамандарды даярлауға шарт жасасу кезінде оқу жоспарларына түзетулер енгізу арқылы (мүмкін болатын шектерде) түлекті мақсатты даярлауға қатысу мүмкіндігі бар;

- МӨО түлектер мен бос жұмыс орындары туралы мәліметтер базасын қалыптастырады, түлектің жұмыс берушімен байланысын жүзеге асырады, тиісті шартты ресімдеу және жасасу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады, сондай-ақ кейіннен мониторинг жүргізу үшін түлектерді жұмысқа орналастырудағы барлық субъектілер қызметінің нәтижелерін жинақтайды.

6.10 МӨО функциясына келесі қызмет түрлері де кіреді:

- ҚарТУ түлектерін жұмысқа орналастыруға қатысты мақсатты жүйелі жұмыс жүргізу;

- түлектер туралы ақпаратты Қарағанды қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ беру;

- түлектердің жұмысқа орналасуын талдау;

- жұмыс берушілердің негізгі топтарын анықтау;

- түлектердің жұмысқа орналасу мәселелері және оларды шешу жолдары туралы ақпаратпен бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеу;

- жұмысқа жолдама (А қосымшасы) және өз бетінше жұмысқа орналасуға рұқсат беру (Б қосымшасы);

- мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде/ауылдық квота шегінде оқыған түлектерді/жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді (В қосымшасы).

6.11 Түлек МӨО көмегімен немесе өз бетінше жұмысқа орналасқаннан кейін оған жұмысқа орналасу туралы құжат (жұмыс орнынан анықтама, жұмысқа жолдама немесе ЖҚО-да мансаптық өсу орталығына есепке қою туралы жолдама) ұсыну қажет.

6.12 Жұмысқа орналасу туралы ұсынылған құжаттарға сәйкес бітіруші кафедралар мониторинг үшін дербес бөлу ведомосін (Д қосымшасы) толтырады.

7 Жас мамандарды және философия докторларын (PhD) жұмысқа жіберу тәртібі

7.1 Ауыл жастары қатарындағы азаматтарға берілетін квота шегінде педагогикалық мамандықтар бойынша оқуға түскен азаматтар жоғары оқу орнын (бұдан әрі - ЖОО) бітіргеннен кейін тиісінше ауылда, кентте, ауылдық округте (бұдан әрі - ауылдық жерде) орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыс істейді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 7-беті
---	--	---

7.2 Педагогикалық және техникалық мамандықтар бойынша оқуға квота шегінде түскен ауыл жастары қатарындағы азаматтар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін оқу орны бойынша өңірде кемінде үш жыл жұмыс істейді.

7.3 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық мамандықтар бойынша оқуға түскен азаматтар ЖОО-ны бітіргеннен кейін мемлекеттік білім беру ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыс істейді.

7.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға оқуға түскен азаматтар оқу аяқталғаннан кейін жоғары оқу орындарында немесе ғылыми ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыс істейді.

7.5 Жас мамандар мен философия докторларын (PhD) жұмысқа жіберу мақсатында оларды дербес бөлу жүзеге асырылады.

7.6 Бөлу жөніндегі комиссиялар жыл сайын ЖОО жанынан құрылады, онда жас мамандар мен философия докторлары (PhD) оқуын аяқтайды.

7.7 Жас мамандарды жұмысқа бөлу және жіберу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ЖОО жыл сайын облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына түлектердің санын, тұрғылықты жерін, алған мамандығын және оқыту тілін көрсете отырып, ағымдағы жылдың түлектерін кейіннен жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарын ұсынуға: ауыл жастары қатарындағы азаматтарға берілетін квота шегінде; мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде түскен өтінімдерді жібереді;

2) облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ЖОО-ның ұсынылған өтініміне сәйкес тоқсан сайын ЖОО-ға: мемлекеттік білім беру ұйымдарында, ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде; мемлекеттік білім беру ұйымдарында және меншік нысанына қарамастан ұйымдарда кадрларға қажеттілік туралы ақпаратты ұсынады;

3) ЖОО облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ұсынылған ақпаратына сәйкес жас мамандарды жұмысқа орналастыру мақсатында бос орынды сақтау туралы кепілдік беретін олардың әлеуетті жұмыс берушілерімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды;

4) ЖОО-да жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссиялар құрылады.

7.9 Жас мамандарды бөлу жұмыс берушінің алдағы жұмысқа орналасу және бос орынды сақтау туралы өтініші негізінде жас маман жұмыс орнына келген сәтке дейін жүзеге асырылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 8-беті
---	---	---

7.10 Ағымдағы жылы оқуын аяқтаған жас мамандар жұмыс орнына 1 қыркүйектен кешіктірмей жолдама бойынша келеді.

7.11 Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) жас маман келгеннен кейін бір ай ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне жұмыс орны және көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрі (бар болса) туралы мәліметтерді ұсына отырып, бөлуге сәйкес келгені туралы растама жібереді;

2) жыл сайын 1 қыркүйекке қарай білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне жұмыс істейтін жас мамандардың тізімдерін жібереді;

3) жас маманды жұмыстан босату туралы мәліметтерді және растайтын құжаттарды білім беру саласындағы уәкілетті органға жолдайды.

13. Мемлекеттік білім беру ұйымдарына жұмысқа бірінші кезекте бөлуге құқығы бар:

1) жұбайы (зайыбы) бос орын берген елді мекенде тұратын, жұмыс істейтін немесе қызмет өткеретін адамдар;

2) ата-анасының біреуі немесе екеуі де I және II топтағы мүгедектер болып табылатын адамдар, сондай-ақ бос орын берген елді мекенде тұрақты тұратын қорғаншылар мен қамқоршылар болып табылатын адамдар.

7.12 Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген жас мамандар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік кепілдіктер алады.

7.13 Философия докторларын (PhD) бөлу және жұмысқа жіберу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жоғары оқу орны тиісті бос жұмыс орындары болған жағдайда, жыл сайын, 15 сәуірден кешіктірмей білім беру саласындағы уәкілетті органға жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардағы кадрларға қажеттілік туралы өтінімдер жібереді;

2) ЖОО жыл сайын, 15 сәуірден кешіктірмей білім беру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторларын (PhD) даярлау бағдарламасы бойынша докторантураға түскен және ағымдағы жылы оқуын аяқтайтын адамдардың тізімдерін жібереді;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган жоғары оқу орындарына философия докторларының (PhD) бос жұмыс орындары туралы ақпарат жібереді;

4) ЖОО-да философия докторларын (PhD) жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссиялар құрылады.

7.14 Философия докторларын (PhD) дербес бөлу ұсынылған құжаттар бойынша және жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың кадрларға

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 9-беті
---	---	---

қажеттілік туралы өтінімдеріне сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

7.15 Жас мамандар мен философия докторларын (PhD) дербес бөлу кезінде:

- 1) тұрақты тұрғылықты жері немесе тарату үшін қолайлы елді мекен;
- 2) Заңда және осы Ережелерде көзделген бірінші кезекте бөлуге құқық беретін мән-жайлардың болуы;

3) Заңда және/немесе осы Қағидаларда белгіленген, пысықтау жөніндегі міндеттен босататын не пысықтау жөніндегі міндетті орындаудан кейінге қалдыратын мән-жайлардың болуы.

7.16 Мерзімді әскери қызметке кірген немесе шақырылған кезде жас маманға қызмет өткеру мерзімінде қызмет өткеру уақытын есептемей, қызмет өткеру уақытына кейінге қалдыру беріледі.

Бөлу сәтінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда, жас мамандар мен философия докторлары (Phd) тұрғылықты жері бойынша жұмыссыз ретінде есепке алынуға, жұмыс істеген мерзімінде жұмыссыз ретінде есепте тұрған уақытын есепке алуға жатады.

7.17 ЖОО-да бір мезгілде оқуын аяқтаған ерлі-зайыптыларға бір елді мекенде орналасқан ұйымдарда жұмыс беріледі. Егер ерлі-зайыптылардың бірі оқуды бұрын аяқтаса, онда оны бөлу жалпы негізде жүргізіледі. Бұл жағдайда оқуды кейінірек аяқтаған жұбайының (зайыбының) жұмыс орны бойынша бірінші кезекте бөлуге құқығы бар.

7.18 Тиісті бөлу жөніндегі комиссияға дәлелді себепсіз келмеген жас мамандар және/немесе философия докторлары (PhD) олардың қатысуынсыз бөлінеді.

7.19 Бірнеше жас мамандарды және философия докторларын (PhD) бір бос орынға жіберуге жол бермеу мақсатында оларды бөлу жөніндегі комиссиялар құрылған тиісті ЖОО-ның жұмысқа бөлінген жас мамандар мен философия докторларының (PhD) алдын ала тізімдерін білім беру саласындағы уәкілетті органға жыл сайын, 1 наурыздан кешіктірмей жіберу жолымен алдын ала бөлу жүзеге асырылады. Мұндай фактілер анықталған жағдайда жас мамандар мен философия докторларын (PhD) бөлу білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілгеннен кейін жүргізіледі, бұл ретте үлгерімнің орташа балы және ЖОО орналасқан жердің болжамды бөлу орнына жақындығы назарға алынады.

7.20 Жас мамандарды және/немесе философия докторларын (PhD) дербес бөлу тиісті бөлу жөніндегі комиссияның шешімімен жыл сайын, 1 шілдеден кешіктірілмей ресімделеді, оның негізінде ЖОО осы Қағидаларға Б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмысқа жолдамалар дайындайды. Бұл ретте, жас мамандарды және философия докторларын (PhD) оларды бөлу туралы хабардар

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 10-беті
---	---	--

етуді ЖОО шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмысқа жолдама беру арқылы жүзеге асырады.

7.21 Заңда және осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, жас маман және философия докторы (PhD) заңда көзделген пысықтау жөніндегі міндетті орындамағаны үшін бюджетке білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агенті арқылы оларды оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтейді.

7.22 Жас мамандар мен философия докторларын (PhD) пысықтау мерзімі олардың жұмыс берушілермен еңбек шартын жасасқан күнінен бастап есептеледі.

7.23 ЖОО жыл сайын, 15 тамыздан кешіктірмей уәкілетті органдарға жас мамандар мен философия докторларын (PhD) жұмысқа бөлу туралы ақпаратты ұсынады және бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне бөлу жөніндегі барлық материалдарды жібереді.

7.24 Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жас маманмен немесе философия докторымен (PhD) еңбек шарты бұзылған жағдайда, жұмыс беруші еңбек шарты бұзылғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы облыстың жергілікті атқарушы органына хабарлайды. Бұл ретте, егер олармен еңбек шарттары Жұмыс беруші – заңды тұлғаны тарату, сондай-ақ қызметкерлер санын немесе штатын қысқарту негіздері бойынша бұзылған жағдайда, жас мамандар мен философия докторлары (PhD) қайта бөлуге жатады.

7.25 Магистратураға, резидентураға немесе докторантураға түспеген адамдар осы Қағидаларға сәйкес қайта бөлуге жатады.

8 Өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру

8.1 Заңда көзделген еңбекпен өтеу міндетінен босату жас мамандарды дербес бөлу жөніндегі комиссияның немесе (PhD) философия докторларын дербес бөлу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – бөлу жөніндегі Комиссия) шешімімен мынадай санаттарға беріледі:

1) жұбайының (зайыбының) тұратын, жұмыс істейтін немесе қызмет өткерген жері бойынша елді мекенде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда адамдарға;

2) I және II топтағы мүгедектерге;

3) магистратураға, резидентураға, докторантураға одан әрі оқуға түскен адамдарға;

4) жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар, сондай-ақ өз бетінше тәрбиелеп отырған адамдарға.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 11-беті
---	--	--

9. Оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығындар өтелмей, Заңда көзделген еңбекпен өтеу міндеттемесі тоқтатылады:

- 1) еңбекпен өтеу жөніндегі міндеттерді орындауға байланысты;
- 2) тиісті құжаттармен расталатын білім алушының (жас маманның, философия докторының (PhD) қайтыс болуына байланысты;
- 3) жұмыс істеу мерзімі ішінде I және II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда;
- 4) Заңның 47-бабының 17-тармағында көзделген жағдайларда еңбекпен өтеу жөніндегі міндеттен босатуға байланысты.

9.1 Осы Қағидалардың 15, 20, 34 және 35-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

9.2 Жас мамандардың және философия докторларының (PhD) еңбекпен өтеу жөніндегі өз міндеттерін орындауын немесе орындалмаған жағдайда бюджеттік шығыстарды өтеуін мониторинг пен бақылауды қамтамасыз ету білім беру саласындағы уәкілетті органның уәкілетті органына жүктеледі.

9.3 Өз құзыреті шегінде білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агенті:

1) еңбекпен өтеу жөніндегі міндеттердің орындалуына мониторинг жүргізу мақсатында жас мамандар мен философия докторлары (PhD) бойынша деректер базасын қалыптастырады және жүргізеді, ұсынылған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді;

2) облыстардың жергілікті атқарушы органдарының және білім беру саласындағы уәкілетті органның көмегімен бөлу жөніндегі комиссиялардың шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізеді;

3) жас мамандар мен философия докторлары (PhD) заңда көзделген еңбекпен өтеу жөніндегі міндеттерді бұзған жағдайда, оларды оқытуға байланысты шығыстардың бюджетке өтелуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

10 Келісу және қолданысқа енгізу

10.1 Осы ЕР келісуді Басқарма Мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор, сапа жөніндегі басшылықтың өкілі, бас бухгалтер, ЗБ бастығы жүзеге асырады және «Келісу парағында» (Г Қосымшасы) ресімделеді.

10.2 Құжатты енгізу ҚП X-01-2022 сәйкес жүзеге асырылады.

11 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

11.1 Бөлімшелер мен кафедраларды осы ЕР жұмыс даналарымен

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 12-беті
---	---	--

қамтамасыз ету Университет сайтында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

11.2 Құжаттарды өзектендіру туралы ақпарат университет сайтында ҚП Х-01-2022 сәйкес орналастырылады.

12 Сақтау

12.1 Осы Ережелердің түпнұсқасы СМЖАО да сақталады

12.2 Осы ережелерді сақтау ҚП Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі

12.3 Құжаттың толық электрондық нұсқасы электронды түрде, ал титул парағы мен танысу парағы баспа түрінде сақталады.

13 Талдау және өзектендіру

Осы Ережелерді талдау және өзектендіру ҚП Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

14 Құжатқа өзгерістер енгізу

14.1 Құжатқа өзгерістер енгізу ҚП Х-01-2022 жж талаптарына сәйкес жүргізіледі.

14.2 Құжатқа өзгерістер енгізгені үшін МӨО басшысы жауапты болады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Түлектерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 13-беті
---	---	--

А Қосымшасы
(міндетті)

Ф.ЕР V-09-2022-01

Жұмысқа жолдама

Түлек _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым)
мамандық және (немесе) білім беру бағдарламалары бойынша

жеке бөлу комиссиясының хаттамалық шешімі негізінде
_____ бастап № _____ болып жұмысқа жіберілді

_____ (лауазымы)

_____ (ұйымның атауы)

орналасқан _____
(мекен-жайы)

ОВПО басшысы қолы

(жыртып алынатын орын)

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ түлегі
(жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымның атауы денсаулық сақтау саласындағы білім беру немесе ғылыми ұйым)

Мен _____ жұмысқа жолдама алғанымды растаймын
(ұйымның атауы)

орналасқан _____
(мекен-жайы)

лауазымы бойынша _____
бітірушінің қолы _____ «__» _____ 20__ ж.

Б Қосымшасы
(Міндетті)

Ф.ЕР V-09-2022-02

№ 1 ФОРМА

**«Ауылдық квота» шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы
негізінде білім алған түлектерді/жас мамандарды
дербес бөлу жөніндегі комиссия
отырысының хаттамасы**

(ЖОО атауы)

№ _____

" ____ " _____ 2022 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Аты-жөні, лауазымы

Комиссия төрағасының орынбасары:

Аты-жөні, лауазымы

Комиссия мүшелері (*кемінде 3 адам*):

Аты-жөні, лауазымы

Аты-жөні, лауазымы

Аты-жөні, лауазымы

Комиссия хатшысы:

Аты-жөні, лауазымы

«Әбілқас Сағынов
атындағы Қаратанды
техникалық
университеті» КеА»

Бітірушілерді жұмысқа орналастыру
ережелері

ЕР V-09-2022
Нұсқа 02
Күні 2022.11.17
21-беттің 14-беті

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Бітірушілерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 15-беті
--	--	--

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша «ауылдық квота» («Білім туралы» ҚР 26-бабы 8-тармағы 3-тармақшасы) шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуды аяқтаған 2022 жылғы түлектерді жұмысқа _____ (саны), ауылдық жерлерде орналасқан мемлекеттік білім беру/денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеуге орналастыру
2. Жоғарыда аталған түлектер мен дербес бөлу жөніндегі комиссия мүшелерін «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен және маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, педагогикалық, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға квота шегінде түскен ауыл жастары қатарындағы азаматтардың жұмыс өтілі бойынша міндетінен босату немесе міндетін тоқтату қағидаларымен таныстыру, ал сондай-ақ педагогикалық және медициналық мамандықтар (бакалавриат) бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен бекітілген философия докторларының (PhD) бағдарламасы бойынша докторантурада оқитындар, олардың оқу аяқталған сәттен бастап кемінде үш жыл ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру/ денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеу жөніндегі міндеттерін көздейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілік.

Сөз сөйлегендер:

1. _____ (Т.А. Ә., лауазымы) барлық қатысушыларды ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру/денсаулық сақтау ұйымдарына түлектерді/жас мамандарды жұмысқа орналастыру тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен таныстырды. Түлектердің/жас мамандардың осы санатын жұмысқа орналастыру түлектер/жас мамандар ұсынған ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру/денсаулық сақтау ұйымдарының өтініштері негізінде жүргізілуге тиіс. _____
2. _____ (Т.А.Ә., лауазымы) барлық қатысушыларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру (еңбекпен өтеу міндетінен босату) тәртібін реттейтін нормаларымен таныстырды. Еңбек міндетінен босату «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тиісті жағдайларды және осы мән-жайларды растайтын құжаттар болған кезде ғана жүзеге асырылатынын атап өтеміз.

Комиссия шешті:

1. 2022 жылғы келесі түлектерді/жас мамандарды ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру/денсаулық сақтау ұйымдарына жұмысқа орналастыруды жүргізу:

р/к №	Түлектін/ жас маманның Т. А. Ә.	Облыс	Аудан	Ауыл	Ұйым	Лауазым	Оқыту тілі	Жұмыс берушінің байланыс тұлғасы	Жұмыс жолдама негізі
1									
2									
3									

_____ (Аты-жөні, лауазымы) жоғарыда аталған түлектерге/жас мамандарға қол қою арқылы жұмыс жолдама беру.

2. 2022 жылғы келесі түлектерге/жас мамандарға ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес мерзімді әскери қызм шақыруға, жұмыссыз ретінде есепке қоюға байланысты кейінге қалдыруды не «Білім туралы» ҚРЗ көзделген еңбекпен міндетінен босатуды ұсыну:

р/к №	Түлектін/ жас маманның Т. А. Ә.	Еңбекпен өтеу міндетін орындаудан кейінге қалдыру/босату үшін жағдайлардың атауы	Растайтын құжаттың атауы жән деректемелері

Бітірушілерді жұмысқа орналастыру ережелері

3. _____ (Аты-жөні, қолы) осы Хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жас мамандардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген пысықтау жөніндегі міндеттерді орындауына мониторингті жүзеге асыру үшін оны, сондай-ақ барлық қажетті құжаттарды білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне жіберсін.

Комиссия төрағасы

_____ Аты-жөні, лауазымы, қолы

Комиссия төрағасының орынбасары

_____ Аты-жөні, лауазымы, қолы

Комиссия мүшелері:

_____ Аты-жөні, лауазымы, қолы

_____ Аты-жөні, лауазымы, қолы

_____ Аты-жөні, лауазымы, қолы

Комиссия хатшысы

_____ Аты-жөні, лауазымы, қолы

«Әбілқас Сарынов
атындағы Қарағанды
техникалық
университеті» КеАК

**Бітірушілерді жұмысқа орналастыру
ережелері**

ЕР У-09-2022
Нұсқа 02
Күні 2022.11.17
21-беттің 17-беті

В Қосымшасы
(міндетті)

Ф. ЕР V-09-2022-03

ДЕРБЕС БӨЛУ ТІЗІМДЕМЕСІ

бітірген түлектердің _____

Оқу орнының ағымдағы шоты

(оқу орнының атауы)

министрліктер, ведомстволар _____ № _____

_____ 20 ж. _____

Бас бухгалтер _____

«Әбілқас Сағынов
атындағы Қарағанды
техникалық
университеті» КеАК

Бітірушілерді жұмысқа орналастыру
ережелері

ЕР V-09-2022
Нұсқа 02
Күні 2022.11.17
21-беттің 18-беті

Аты жөні	Жынысы	Туған жылы	Ұлты	Партиялылығы	Отбасылық жағдайы	Тұрақты тұрғылықты мекенжайы (ата-анасының мекенжайы)	Түлектің мамандығы және мамандануы	Қандай жұмысқа жіберіледі						Түлек оның мақсаты мен шарттары мен келісе ме (келіспеу себебі)	Бітірушінің қолы
								Министрліктің атауы	Кәсіпорынның (ұйымның) атауы	Облысты көрсете отырып, кәсіпорынның, мекеменің	Лауазымы	Еңбекақы	Берілетін тұрғын алаңның түрі-окшауланған тұрғын үй-жайлар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады





Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Бітірушілерді жұмысқа орналастыру ережелері	ЕР V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 19-беті
---	---	--

Г Қосымшасы
(міндетті)

Ф.01-2022

Келісу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Басқарма мүшесі- академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Темербаева А.М.	12.12.2022	
Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі	Жетесова Г.С.	12.12.2022	
Бас бухгалтер	Абильтусупова А.Х.	09.12.2022	
ЗБ басшысы	Аязбаева Г.С.	08.12.2022	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Бітірушілерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 20-беті
--	--	--

Д Қосымшасы
(міндетті)

Ф. 02-2022

Танысу парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Бітірушілерді жұмысқа орналастыру ережелері	EP V-09-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.17 21-беттің 21-беті
--	--	--

Библиография

- 1 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V Заңы.
- 2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ЗРК Заңы.
- 3 Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V.
- 4 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.
- 5 Маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды еңбекпен өтеу міндетінен босату немесе міндетін тоқтату қағидалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен бекітілген «Білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.